

**«Қопа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
2022 жылғы 7 желтоқсан**

Талдаудың мәні:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік қызмет көрсету.
4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру
5. Бақылау функцияларын іске асыру
6. Бөлімнің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдауды жүргізу мерзімі: 2022 жылғы 5 желтоқсан-7 желтоқсан

Талдауды жүргізу кезеңі: 2022 жылдың II тоқсаны

Талданатын нысан туралы мәлімет:

Мекен – жайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ебейті ауылы, Жағалау көшесі 2 коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады. Білім бөлімінің құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік – құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру бөлімнің негізгі міндеті болып табылады.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы

Мекемеде қазіргі таңда барлығы 35 педагог қызметкер, 19 кіші қызметкер бар.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

3) «Қопа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілік жұмыстар бөлімінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3.1 Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы

– 2022 жылдың I жартыжылдық жағдайы бойынша мекемеде ешқандай кадр жұмыс ауыстыру болған жоқ.

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған.

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Мекеменің персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Дегенмен, мекеме қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, мемлекеттік қызметтегі шектеулер мен атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау мақсатында тиісті дәрежедегі ақпараттық оқуларды өткізу тәжірибесін әрі қарай жетілдіру қажет.

4. «Қопа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

4.1 Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінен болған жоқ, бос орын жоқ.

Әкімшілік құрылымы:

- Мектеп директоры – Есболаев Аралбек Қошмұқанұлы
- Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Ожырай Айгүл Жетпісқызы
- Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Отарова Жайнагүл Бисенбаевна

Жұмыс тобының қорытындылары:

Мекеменің персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Дегенмен, мекеме қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, мемлекеттік қызметтегі шектеулер мен атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау мақсатында тиісті дәрежедегі ақпараттық оқуларды өткізу тәжірибесін әрі қарай жетілдіру қажет.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау 2022–2023 оқу жылы бойынша:
 - Даярлық топқа 21 бала құжаты электронды түрінде қабылданды.
 - 1 сыныпқа 21 оқушы құжаты электронды формат түрінде қабылданған

2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау.

2022–2023 оқу жылы бойынша аталған қызмет бойынша өтініш түскен жоқ.

3. Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру.

2022–2023 оқу жылында қала сыртындағы лагерьлерге, оның ішінде «Балдәурен Щучинск» лагеріне 1 оқушыға жолдама берілді. Сонымен қатар облыс орталығында емдеу-сауықтыру мақсатында «Күншуақ» лагеріне Жолмұханұлы Мейірханға жолдама берілді. Мектеп жанынан жазғы лагерь ұйымдастырылды.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау.

2022–2023 оқу жылы бойынша педагогтерге біліктілік санатын беру үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылданды. Қызмет электронды форматта қабылданды.

Мемлекеттік қызметкерді көрсетудің ең заманауи әдісі болып оларды электронды форматқа ауыстыру болып табылады.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болдырмау мақсатында «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында құжаттарды мұқият тексеру және электронды форматта түсіндіру.

6. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Мекемеде рұқсат беру функциялары жоқ.

7. Бақылау функцияларын іске асыру.

Мекемеде рұқсат беру функциялары жоқ.






8. Мекеменің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

«Сенім телефоны» іске қосылып, оған түскен шағымдар есебі жүргізілді.

«Адал ұрпақ» клубы жұмысы аясында «Парасат бұрышы» жұмыстарының ұйымдастырылу жағдайы.

Талдамалық анықтаманы қарау үшін Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы М.Дабысовқа ұсынылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері мектептің интернет ресурстарында орналастырылды.

Мектеп директоры:		А.Қ.Есболаев
Оқу ісі жөніндегі орынбасары:		А.Ж.Ожырай
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:		Ж.Б.Отарова
Мектеп психологы:		Г.А. Тащанова
Кәсіподақ төрайымы:		Г.Б.Назарова